Бекітемін:
ЖШС "Balym-Ai" бөбекжай
балабақшасының
меңгерушісі:Г.Б. Толендиева.

2024-2025 оқу жылының ЖШС "Balym-Ai" бөбекжай-балабақшасының Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесінің жұмыс жоспары

2024-2025 оқу жылының ЖШС "Balym-Ai" бөбекжай-балабақшасының Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесінің жұмыс жоспары

МДҰ Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесінің жұмыс жоспары			
1	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің **№1-отырысы.** Күн тәртібі: 1. Кеңестің мүшелеріне Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190-бұйрығының «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» қағидаларын түсіндіру. 2. Педагогикалық этика жөніндегі кеңес мүшелері арасында функционалдық міндеттерді бөлу. 3. Кеңестің 2024-2025 жылға арналған жұмыс жоспарын әзірлеу және бекіту, өткен жылға талдау жасау.	Тоқсанына 1 рет	Төраға
2	**№2-отырыс.** «Педагогикалық әдептің негізгі нормалары». Күн тәртібі: 1.Отырыстың ашылуы. *2.*«Педагогикалық әдептің негізгі нормалары» тақырыбына дөңгелек үстел: - педагогикалық әдептің негізгі қағидаттарын сақтау; - педагогикалық әдеп нормаларын сақтауға байланысты практикалық жағдаяттарды (кейстер) талдау; - кәсіби мінез-құлық мәдениетін педагог имиджінің құрамдас бөлігі ретінде қалыптастыру. 3. Дөңгелек үстелді қорытындылау.	Тоқсанына 1 рет	Төраға
3	**№3-отырыс.** «Педагог және бала» қарым-қатынас жүйесіндегі әдептілік көзқарастары». Күн тәртібі: 1. «Педагогтің баламен қарым-қатынасының әдептілік принциптері». - гуманизм, баланың жеке тұлғасын құрметтеу, сенім білдіру; - педагогикалық әдептілік, эмоционалды ұстамдылық және әділеттілік нормалары;	Тоқсанына 1 рет	Төраға

	- тәрбиеленушілерге эмоционалды және психологиялық қысымның алдын алу және оны болдырмау. 2. Тәжірибеден алынған типтік және даулы жағдаяттарды талдау мен талқылау. (Кейс-талдау: бұзушылық оқиғаларын талқылау және сындарлы шешімдерді табу.) 3. Педагогикалық ортада әдептілік тұрғыдан сауатты қатынастардыныгайту бойынша ұсыныстарды тұжырымдау.		
4	**№4-отырыс.** «Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелерінің 2024-2025 жылғы қызметін талдау». Күн тәртібі: 1.Баяндама: «Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2024-2025 жылғы қызметін талдау». - өтініштермен жұмыс және педагогтерге әдеп мәселелері бойынша кеңес беру; - бекітілген жұмыс жоспарын іске асыру; - педагогикалық ұжым және әкімшілікпен өзара іс-қимыл. 2.Кеңес мүшелерінің сөз сөйлеуі: - қызметті өздік талдау; - қиындықтар, жетістіктер, жұмысты жақсарту бойынша ұсыныстар. 3.Талқылау және қорытындылау. - келесі оқу жылына ұсыныстар әзірлеу; 2024-2025 жылға арналған басым бағыттарды айқындау.	Тоқсанына 1 рет	Төраға

"Balym-Ai" бөбекжай балабақшасы" ЖШС

БҰЙРЫҚ №7

Манкент ауылы **05.09.2024 жыл**

Педагогикалық әдеп жөніндегі
кеңес құрамын құру туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығын орындау үшін

БҰЙРАМЫН:

1. Білім беру қызметін іске асыратын ЖШС "Balym-Ai" бөбекжай балабақшасы" ұжымының адамгершілік-психологиялық ахуалын жақсартуға, педагогикалық әдепті бұзуға ықпал etetin себептер мен жағдайларды қарау және олардың негізінде білім беру ұйымының басшысына ұсыныстар әзірлеу үшін төмендегідей құрамда педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрылсын:

1. Г.Б. Толендиева – меңгеруші, кеңес төрайымы
2. З.А. Асилова – есепші, кеңес мүшесі
3. С.Х. Халниязова – тәрбиеші, кеңес мүшесі
4. Н.М.Абдураимова – тәрбиеші , кеңес мүшесі
5. Д.Б.Ахмадсалиева – тәрбиеші , кеңес мүшесі

2. Педагогикалық әдеп кеңесінің хатшысы болып Д.Б.Ахмадсалиева тағайындалып, кеңестің іс-қағаздарын жүргізуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Балабақша меңгерушісі: **Г.Б. Толендиева**

Бұйрықпен таныстым: З.А. Асиловна
С.Х. Халниязова
Н.М.Абдураимова
Д.Б.Ахмадсалиева

Педагогикалық әдеп қағидалары

1. Адалдық - педагогтің адалдығы олардың оқыту мен тәрбиелеу нәтижесіне, өз қызметіндегі түзетулерді жүзеге асыра білуіне, сынға және рефлексияға қабілетін дамытуға, тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің), әріптестерінің кез келген пікірі үшін ашықтығына жауапкершілігін білдіреді;
2. Әділдік - педагогтің әділдігі оның бағалау қызметінің ашықтығын, олардың құрған білім беру ортасының айқындығын білдіреді. Әділдік педагогке тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің), әріптестерінің құқығын бұзуға тыйым салады;
3. Жеке тұлғаның абыройын және қадір-қасиетін құрметтеу - педагог тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің), адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынаста жасауда әдепті болады. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, тәрбиеленушінің жеке басының өсуіне ықпал ету мақсатында білім алушының жетістіктерін (жетіспеушілігін) бағалауда сыпайылықты қамтамасыз етеді. Білім беру процесінің қатысушыларына қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға жол бермейді;
4. Патриотизм - педагог өз Отаны - Қазақстан Республикасына, тарихына, дәстүрлеріне және тіліне адал және сүйіспеншілікпен қарайды. Қазақстан Республикасының мәдени және тарихи дәстүрлерін сақтайды, бұл қарым-қатынасты білім алушыларға береді;
5. Жалпы адами құндылықтарды құрметтеу және төзімділік - педагог жалпы адами құндылықтардың басымдылығын мойындай отырып, әрбір ұлт мәдениетінің ерекшелігіне, құндылығына және қадір-қасиетіне құрметпен қарайды. Педагог ұжымда сенім білдіру және құрметтеу ахуалын жасауға ықпал етеді;
6. Кәсіби ынтымақтастық - педагог кәсіптің беделі туралы ойлайды, әріптестерінің абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, мұғалімнің беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттерге жол бермейді. Педагог өз әріптестерінің теориялық және әдістемелік шеберлік деңгейін арттыруға, шығармашылық қабілетін дамытуға жәрдем көрсетеді, қиын жағдайға тап болған әріптестеріне көмекке келеді. Кәсіби ынтымақтастық жалғандық пен әділетсіздікті ақтауға қызмет етпейді;
7. Үздіксіз кәсіби даму - педагог өзінің кәсіби шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін жетілдіреді.

18. Білім және ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға ықпал етеді;

19. Тәрбиеленушінің жетістіктерінің (жетістікке жетпеуінің), оның әлеуметтік жағдайының, ата-анасының (заңды өкілдерінің) жұмыс орнының құпиялылығын қамтамасыз етеді және бұл мәліметтер кәмелетке толмаған білім алушы мен тәрбиеленушінің ата-аналарының (заңды өкілдерінің) немесе кәмелетке толған білім алушы мен тәрбиеленушінің жазба келісімімен ғана жария етіледі.

2024-2025 оқу жылының №1 отырыс хаттамасы

Өткізілген күні: қыркүйек 2024 жыл
Қатысқандар: Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері, мекеме басшысы, педагогтер.
Төраға: Толендиева Г.Б
Хатшы: Ахмадсалиева Д.Б.
Тақырыбы: «Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құқықтық негіздері және алдағы кезеңге арналған міндеттері»
КҮН ТӘРТІБІ:

1. Кеңес мүшелеріне Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығымен бекітілген «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» қағидаларын түсіндіру.
2. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері арасында функционалдық міндеттерді бөлу.
3. Кеңестің 2024-2025 жылға арналған жұмыс жоспарын әзірлеу және бекіту, өткен жылға талдау жасау.
4.

1. БІРІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:
Кеңес төрағасы Садыкова А.Т. күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша баяндама жасады. Ол қатысушыларды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы **№190 бұйрығымен бекітілген «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» қағидалардың** негізгі талаптарымен таныстырды. Баяндамашы педагогтердің кәсіби мінез-құлқына қойылатын талаптарды, ұжымдағы, оқушылармен және ата-аналармен қарым-қатынастағы этикалық нормаларды егжей-тегжейлі түсіндірді. Кеңестің негізгі мақсаты — әдеп бұзушылықтың алдын алу, шиеленістерді болдырмау және педагог мәртебесін қорғау екенін баса айтты.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:
№190 бұйрықтың қағидалары басшылыққа алынсын. Мекемедегі барлық педагогтер осы қағидалармен таныстырылып, олардың қызметте қатаң сақталуы қамтамасыз етілсін.

2. ЕКІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:
Кеңес төрағасы кеңес мүшелерінің жұмысын жүйелі ұйымдастыру мақсатында **функционалдық міндеттерді бөлу** туралы ұсынысын ортаға

салды. Талқылау нәтижесінде мүшелер арасында міндеттер келесідей бөлінді:

- Садыкова А.Т. — Педагогтер мен ата-аналардан түскен өтініштерді қабылдау, тіркеу және алдын ала зерделеу жұмыстарына жауапты;
- Халниязова С.Х. — Ұжым арасында ақпараттық-түсіндіру шараларын (семинарлар, дөңгелек үстелдер) ұйымдастыруға жауапты;
- Ахмадсалиева Д.Б.— Тоқсандық мониторинг жүргізу және құжаттарды жүйелеуге жауапты.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелерінің бекітілген функционалдық міндеттері мақұлдансын және олардың дер кезінде орындалуы қадағалансын.

3. ҮШІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:
Әдіскер Садыкова А.Т. өткен жылғы жұмыс нәтижелеріне қысқаша талдау жасады. Өткен кезеңде әдеп кодексін өрескел бұзу жағдайлары тіркелмегені, алайда жас мамандарға әдістемелік көмекті арттыру қажеттілігі анықталғаны айтылды. Осы талдау негізінде дайындалған **Кеңестің 2024 - 2025 жылға арналған жұмыс жоспарының жобасы** оқылды. Жоспарға тоқсан сайынғы отырыстар, жағдаяттық кейс-талдаулар, тренингтер мен мониторингтік шаралар енгізілген.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:
1. Өткен жылғы қызметке жасалған талдау қорытындысы назарға алынсын.
2. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2024-2025 жылға арналған жұмыс жоспары бекітіліп, іске асырылуға жіберілсін.

Отырыс төрағасы: _____ Толендиева Г.Б.
Хатшы: _____ Ахмадсалиева Д.Б.

2024-2025 оқу жылыға №2 отырыс хаттамасы

Өткізілген күні: қараша 2024 жыл

Қатысқандар: Мекеме басшысы, әдіскер, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері, педагогтер.

Төраға: Толендиева Г.Б.

Хатшы: Ахмадсалиева Д.Б.

Тақырыбы: «Педагогикалық әдептің негізгі нормалары»

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Отырыстың ашылуы.
2. «Педагогикалық әдептің негізгі нормалары» тақырыбына дөңгелек үстел:

1. Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттарын сақтау;
2. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтауға байланысты практикалық жағдаяттарды (кейстер) талдау;
3. Кәсіби мінез-құлық мәдениетін педагог имиджінің құрамдас бөлігі ретінде қалыптастыру.

3. Дөңгелек үстелді қорытындылау.

1. БІРІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

Отырысты ашқан төраға Толендиева Г.Б. қатысушыларды күн тәртібімен таныстырып, бүгінгі дөңгелек үстелдің маңыздылығына тоқталды. Ол педагог мәртебесі мен беделі оның күнделікті іс-әрекетіндегі әдептілік деңгейімен тікелей байланысты екенін атап өтіп, жиынды ашық деп жариялады.

2. ЕКІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ (Дөңгелек үстел):

Дөңгелек үстел барысында негізгі үш бағыт бойынша қызу талқылау өтті:

- **Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары:** Баяндамашы Садыкова А.Т. педагогтің кәсіби адалдығы, сыпайылығы, жауапкершілігі және бала құқығын қорғау сияқты заңды міндеттемелерді қозғады. Әрбір ұстаз мекеме ішінде де, қоғамдық орындарда да осы қағидаттарды бұлжытпай сақтауы тиіс екені ескертілді.
- **Практикалық жағдаяттарды (кейстерді) талдау:** Қатысушылар екі негізгі кейсті талқылады:

2024-2025 оқу жылына №3 отырыс

хаттамасы

Өтікізілген күні: наурыз айы 2025 жыл
Қатысқандар: Балабақша педагогтері, әдіскер, мекеме басшысы
Төраға: Толендиева Г.Б.
Хатшы: Ахмадсалиева Д.Б.
Тақырыбы: «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері тұралы» қарым-қатынас жүйесіндегі әдептілік көзқарастары.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Педагогтің баламен қарым-қатынасының әдептілік принциптері» (гуманизм, жеке тұлғаны құрметтеу, педагогикалық әдеп, қысымның алдын алу).
2. Тәжірибеден алынған типтік және даулы жағдаяттарды талдау мен талқылау (Кейс-талдау).
3. Педагогикалық ортада әдептілік тұрғыдан сауатты қатынастарды нығайту бойынша ұсыныстарды тұжырымдау.

1. БІРІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

Баяндамашы Толендиева Г.Б.педагог пен бала арасындағы қарым-қатынастың негізгі этикалық діңгектеріне тоқталды. Ол гуманизм принципі мен баланың жеке тұлғасына деген құрмет кез келген тәрбие мен білім беру процесінің өзегі болуы тиіс екенін атап өтті. Педагог өз ісінде эмоционалды ұстамдылық танытып, әділеттілік нормаларын қатаң сақтауы қажет. Тәрбиеленушілерге ешқандай жағдайда эмоционалды, вербалды немесе психологиялық қысым көрсетуге жол берілмейді. Балаға деген сенім — оның өзін-өзі бағалауын арттырып, сау тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік береді.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

Педагогтер өз қызметінде гуманизм және бала тұлғасын құрметтеу принциптерін басшылыққа алсын. Баланың намысына тиетін сөздер мен әрекеттерге, психологиялық қысым түрлеріне мүлдем тыйым салынсын.

2. ЕКІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ (Кейс-талдау):

Отырыс барысында тәжірибеде жиі кездесетін екі даулы жағдаят (кейс) ортаға салынып, сындарлы шешімдері талқыланды.

- **1-кейс (Эмоционалды ұстамдылық):** Бала сабақ іс-әрекет кезінде үнемі алаңдап, мұғалімнің сөзін бөлді. Педагог дауыс көтеріп, баланы басқалардың алдында ұрысты.

- *Сындарлы шешім:* Көпшілік алдында ескерту жасау баланың психологиясына соққы береді. Педагог сабыр сақтап, іс-әрекеттен кейін баламен жеке сөйлесуі керек. Алаңдаушылықтың себебін анықтап (шаршау, тапсырманың күрделілігі), баланың назарын қызықты тапсырмамен аудару қажет.

- **2-кейс (Әділеттілік және сенім білдіру):** Тәрбиеші топтағы белсенді емес баланы үнемі байқамай, мақтауды тек белгілі бір балаларға ғана бағыттады. Бала тұйықталып қалды.

- *Сындарлы шешім:* Педагог әр баланың кішкентай жетістігін де байқай білуі тиіс. Әділеттілік принципі бойынша әр тәрбиеленушіге тең мүмкіндік пен қолдау көрсетілуі, сенім білдіру арқылы оның ынтасы оятылуы тиіс.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:
Кейс-талдау нәтижесінде бекітілген сындарлы шешімдер мен дағдарыстан шығу алгоритмдері күнделікті жұмыста қолданысқа енгізілсін.

3. ҮШІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:
Педагогикалық ортада әдептілік тұрғыдан сауатты қатынастарды нығайту мақсатында ұжым мүшелері өз ұсыныстарын білдірді. Талқылау нәтижесінде төмендегі іс-әрекеттер жиынтығы мақұлданды.

ҰСЫНЫСТАР МЕН СЫНДАРЛЫ ШЕШІМДЕРДІҢ ТҰЖЫРЫМЫ:

1. **Кәсіби шеберлік:** Педагогтердің эмоционалды интеллектісі мен күйзеліске төзімділігін арттыру мақсатында психологтың қатысуымен тренингтер мен семинарлар тұрақты ұйымдастырылсын.
2. **Өзін-өзі бақылау қоржыны:** Әрбір педагог өзінің жұмыс тәжірибесінде «Педагогикалық әдеп кодексін» басшылыққа алып, баламен қарым-қатынаста баламалы (позитивті) тәсілдерді қолдансын.
3. **Мониторинг:** Тәрбиеленушілердің эмоционалдық жағдайына тоқсан сайын психологиялық бақылау (сауалнама, бақылау) жүргізіліп, қысым белгілері ерте анықталсын.
4. **Серіктестік:** Ата-аналармен кері байланыс күшейтіліп, баланың үйдегі және ұйымдағы мінез-құлқының үйлесімділігі қадағалансын.

Отырыс төрағасы: _____ Толендиева Г.Б.
Хатшы: _____ Ахмадсалиева Д.Б.

2024-2025 оқу жылына №4 отырыс хаттамасы

Өткізілген күні: мамыр 2025 жыл

Қатысқандар: Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес төрағасы, кеңес мүшелері, мекеме әкімшілігі мен педагогтер.

Төраға : Толендиева Г.Б.

Хатшы: Ахмадсалиева Д.Б.

Тақырыбы: «Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелерінің 2025 жылғы қызметін талдау»

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Баяндама: «Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2025 жылғы қызметін талдау» (өтініштермен жұмыс, жоспардың орындалуы, әкімшілікпен байланыс).
2. Кеңес мүшелерінің сөз сөйлеуі (өздік талдау: қиындықтар, жетістіктер, ұсыныстар).
3. Талқылау және қорытындылау (келесі кезеңге ұсыныстар, 2026 жылға арналған басым бағыттар).

1. БІРІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

Кеңес төрағасы Толендиева Г.Б. **«Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2024-2025 жылғы қызметін талдау»** тақырыбында негізгі баяндама жасады. Жыл бойы атқарылған жұмыстар қорытындыланып, бекітілген жұмыс жоспарының толық орындалғаны атап өтілді. 2024-2025 жылы түскен өтініштерге дер кезінде құқықтық әрі этикалық тұрғыдан баға беріліп, педагогтерге әдеп мәселелері бойынша жүйелі түрде кеңес берілді. Сонымен қатар, педагогикалық ұжым және әкімшілікпен тығыз өзара іс-қимыл орнатылып, мекеме ішіндегі даулы жағдайлардың алдын алу шаралары тиімді жүргізілді.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2024-2025 жылғы атқарған жұмысы «қанағаттанарлық» деп танылсын. Өтініштермен жұмыс істеу және кеңес беру жүйесі алдағы уақытта да жалғасын тапсын.

2. ЕКІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

Кеңес мүшесі Садыкова А.Т. сөз сөйлеп, өз қызметтеріне өздік талдау жасады.

- **Жетістіктер:** Ұжымдағы моральдық-психологиялық климат тұрақтанды, әдеп кодексін бұзу көрсеткіші төмендеді. Педагогтер өз құқықтары мен міндеттерін тереңірек түсіне бастады.
- **Қиындықтар:** Кейбір жас мамандардың шиеленісті (конфликттік) жағдайларда эмоционалды ұстамдылық таныта алмауы және ата-аналармен қарым-қатынастағы түсініспеушіліктер кездесті.
- **Жұмысты жақсарту бойынша ұсыныстар:** Даулы жағдаяттарды шешудің практикалық әдістерін үйрететін медиациялық сағаттар санын арттыру ұсынылды.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:
Кеңес мүшелерінің жұмысты жақсарту бойынша ұсынған пікірлері ескерілсін және олар алдағы іс-шаралар кестесіне енгізілсін.

3. ҮШІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:
Күн тәртібіндегі соңғы мәселе бойынша қатысушылар ортақ талқылау жүргізіп, жылды қорытындылады. Жиын нәтижесінде келесі оқу жылына арналған ұсыныстар пакеті дайындалып, **2024-2025 жылға арналған басым бағыттар** айқындалды.

2024-2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БАСЫМ БАҒЫТТАР МЕН ҰСЫНЫСТАР:

1. **Алдын алу (Профилактика):** 2024-2025 жылы әдеп бұзушылықтың алдын алу мақсатында жас мамандармен жеке коучинг және тәлімгерлік жұмыстарын күшейту.
2. **Ақпараттық ашықтық:** Әдеп жөніндегі кеңестің қызметін, қабылдау уақыттарын ұжым арасында кеңінен насихаттау, анонимді ұсыныс-пікірлер жәшігінің жұмысын жандандыру.
3. **Біліктілікті арттыру:** 2024-2025 жылдың бірінші тоқсанында кеңес мүшелеріне арналған «Конфликтология және педагогикалық медиация» тақырыбында сырттан маман шақырып, семинар-тренинг ұйымдастыру.
4. **Әкімшілік бақылау:** Әдеп кодексі талаптарының сақталуын әкімшілікпен бірлесе отырып, ішкі бақылау мониторингі жүйесіне енгізу.

Отырыс төрағасы: _____ Толендиева Г.Б.
Хатшы: _____ Ахмадсалиева Д.Б.